

БӨЛІМ: БАЯНДАМАЛАР

Мақала: "Төңкерілген сынып әдісінің артықшылығы мен кемшілігі"

ЖАРИЯЛАНДЫ
28.05.2021**СІЛТЕМЕ**
<https://bilimger.kz/98391/>

«Төңкерілген оқыту» – барлық НЗМ мектептерінде қолданылып келе жатқан жаңа педагогикалық әдіс. Бұл әдіс арқылы оқушыларды ынталандырып, көптеген жетістіктерге жете алады және өз бетінше білім алуына жағдай жасалады (Brian Bennet, 2012). Аталған педагогикалық әдіс жаратылыстану пәндерінде ақпараттық технологияларды тиімді қолдануға және оқушылардың өз оқуы үшін жауапкершілікті сезінуіне оң әсерін тигізеді (Jonathan Bergmann, Aaron Sams, 2015). 1-суретте көрсетілгендей, оқушылардың оқуы сыныптан тыс үйде жалғасып, сабақ барысында олар мұғалімнің көмегімен білімдерін бекітеді. Оқушылар алдын ала теориялық материалды меңгеріп келгендіктен, сабақта мұғалімнің көмегімен теориялық білімін қолданып, тәжірибе жүзінде тапсырмаларды орындайды.

7

Дәстүрлі оқыту Төңкерілген оқыту

Оқушы жаңа

материалды сабақта

меңгеріп, тапсырманы

орындап үлгеруі қажет

болады

Үйде оқып келген

материалды сабақта

мұғалім көмегімен

талқылап, анализ жасай

алады

Үйде өз бетінше

видеоны қарап,

тақырыпты

меңгере алады

Мұғалім жаңа

тақырыпты

саабқта

түсіндіреді

1-сурет. (Р.Жумабаев, Е. Пайзов, 2016)

Зерттеу жұмысын нәтижелі ету үшін мұғалімдер жыл бойына 80 бейнесабақ дайындап, математика пәні (40 бейнесабақ), биология пәні (25 бейнесабақ), физика пәні (15 бейнесабақ) бойынша бейнежазбалар түсірді. Түсірілген бейнесабақтар YouTube каналына жүктеліп, қазіргі таңда 40 000 көрсетілім жинап отыр.

Бейнесабақ сілтемелері оқушыларға электронды пошта немесе WhatsApp мобильді желісі арқылы жіберіледі. Бастапқы кезде оқушылар бейнесабақтарға таң қалып жүргенімен, артынан күнделікті қолданылатын құнды оқу ресурсына айналды.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.